

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Тарих тереңіне бойлаған

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Еуразия тарихы және мәдениетін зерттеу» орталығының директоры, ҰҒА құрметті академигі Сатай Сыздықов – көне тарих тағылымын бүгінгі идеологиялық негіздермен байланыстырып жүрген аз ғалымның бірі. Оның еңбектерінде «қазылық» ұғымы ерекше орын алады. Өзінің айтуынша, қазылық сөзіндегі «қаз» түбірінің «қазақ» атауымен, түркі дәуіріндегі қазақ ру-тайпаларының ата-бабасы болып табылатын қарлық түркілерімен тікелей байланысы бар. «Қазылық ету» – кезінде қазақ мемлекеттілігінің басқару институты болғаны тарихтан белгілі. Оның бер жағында өзі туып-өскен жері – Қарқаралы өңірі де өткен замандарда «қазылық» деп аталған. XVIII ғасырда суырып салма ақын Күдеріқожа Көшекұлы «Қарқаралы – Қазылық», жататұғын жазылып» деп осы өңірмен қоштасқан.



Ерте орта ғасырларда араб географтары карталарында Ұлы даланы «Хазлажия» немесе «Харлухия» деп аталғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұл атаулардағы «қаз», «қар» түбірлері ерте заманнан «тау» мағынасын бергенін айта келіп (РҒА академигі А.В.Дыбо), тіл ғалымдары бұл түбір сөздердің қайсысы бірінші айтылғаны жөнінде осы күнге дейін дау тудырып келеді. Жалпы, Асан қайғы, Бұхар жыраулардың Арқадағы Шыңғыстау, Ұлытау, Қарқаралы өңіріндегі таулар жүйесін «он екі Қазылық, ой Түңдік» деп тұтастай атауы кездейсоқ емес. Сонымен бірге ғалымның басты ғылыми еңбегі «қар», яғни «тау» мағынасын білдіретін (Тау елі) қарлық түркілерінің мемлекетіне арналса, ал туған жері Қарқаралы туралы еңбегін «Қарқаралы – Қазылық» деп атаса, мақала мәні мен сыры түсінікті. Кезінде жерлесі, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың мерейтойында жазған мақаласын «Қазылық-Қасым» деп атаған еді. Ендеше, бүгінде Сатай Мақсұтұлы «Қазылық ғалым» аталуға әбден қақылы деп есептейміз!

Ұлттық тарих халықтың рухы мен зердесін, ата тілінді, байтақ дәстүрінді, отаншылдық сезімді дүр сілкіндіріп оятары ақиқат. Осы орайда Сатай Сыздықов «Орхон жырлары – тарихи дерек», «Қарлық-Қарахан мемлекетінің тарихы», «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі және тарихи сабақтастығы», «Қарқаралы – Қазылық», «Абай және Ұлы дала тұлғаларының мұралары: өркениеттік сабақтастық», төрт

томдық «Қазылық» атты сүбелі монографиялары мен ғылыми-танымдық еңбектерінде түркі дәуірінде Қазақстан территориясында қалыптасқан мемлекеттердің өзекті мәселелерін қаузаған. Атап айтқанда, Орхон-Енисей түркі жазба ескерткіштеріндегі тарихты ауызша баяндау дәстүрі, этникалық атаулары, түркі жұрттарының тарихи, мәдени, фәлсафалық жәдігері «Оғыз-наме» мен «Қорқыт ата кітабы» хақында, түркілердің киелі орындарының этимологиясы, Қара Шор хикаясы, Араб халифаты мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасуындағы түркілердің рөлі, ортағасырлық түркілердің бектік институты мен қазақтың билер институтының сабақтастығы және генезисі, ортағасырлық қарлық түркілерінің қазақтың этно-генологиялық шежіресімен орайластығы, қарлық түркілерінің қала мәдениеті, шаруашылығы, әлеуметтік құрылымы нақты деректер, мәліметтер, шынайы айғақтар негізінде айшықталған.

Тарихты тамыршыдай тану, есте жоқ ескі заманды сөйлету, даналықтың кітабы Ұлы даланың тарихы мен мәдениетін баяндау – тарихшыдан сақтықты, салиқалылықты, сарабалдықты талап ететіні анық. Сондықтан да профессор С.М.Сыздықов маңызды деректік ақпараттарды тарихи үдерістерді түсіндіруде орынды және объективті қолданады. Тарих философиясын жете меңгергенін, оның түп-төркініне дейін пайымдайтынын, тереңіне ой жүгіртетінін көреміз.

Негізінде, халқымыздың тілі, діні, ұлттық сана деңгейі, саяси-әлеуметтік құрылымы, басқару жүйесі, шығармашылық мәдениеті, философиясы, мемлекеттік стратегиясы Күлтегін ескерткішінде шынайы баяндалған. Ең бастысы, бұл бітіктаста ортағасырлық түркілерде мемлекеттің болғанын дәлелдейтін мемлекеттік идеологиясының жариялануы еді. Сондықтан да профессор С.Сыздықов бірсыпыра еңбегін ортағасырлық түркілердің «Мәңгілік ел» мемлекеттік идеологиясын тануға, оның кейінгі дәуірлерде жалғасқанына арнады. Ол бұл идеологема түркілер дүниетанымы негізінде қалыптасқанын дәлелдеді. Алтын Орда империясы мен Қазақ хандығының мемлекеттік идеологиясы кейін отаршылдық бұғауына түскен кездегі Алаш идеясымен астасып жатқанын жарқын мысалдармен дәлелдеп шықты.

С.М.Сыздықов 2020 жылы үш тілде (қазақ, ағылшын, орыс) жарық көрген «Әл-Фараби және Мәңгілік ел идеясы» монографиясында Әбунасыр түркілердің қарлық тайпалық конфедерациясынан шыққандығы айқындалған. Осыған дейін Әл-Фараби жөнінде қаншама еңбек шыққанымен ғұламаның тегін тап басып ешкім айта алмағаны белгілі. Түркі тектес тайпадан шыққаны аталғанымен, нақты дерек келтірілмеген. Түркілердің төл деректері арқылы оның қарлық ру-тайпалық бірлестігінен шыққандығын дәлелдеді. Әл-Фараби ежелгі түркілердің дүниетанымы негізінде жасаған «мәңгілік» ілімі «Мәңгі Ел» мемлекеттік идеологиясының теориялық негізіне айналғанын негіздейді. Сонымен бірге Әл-Фарабидің қала-мемлекеттер жайындағы көзқарасы мен түркілердің өркениеті, яғни қала мәдениеті (IX ғасырда жазылған «Худуд әл-Алам» шығармасында қарлық елінде 25 қала

болғаны айтылған) зерделенеді. Зерттеуші этнос, этномәдениет, этнолингвистика мәселелеріне де ғылыми пайымдаулар жасайды.

Ортағасырлардағы көшпелілігі басым Ұлы дала елінде идеология мен идеялардың сабақтастықта дамуы мемлекеттіліктің де үздіксіз жалғастықта болғанының белгісі. Бұл зерттеу жұмысы кейбір көрші елдердің теріс пиғылды өкілдері қазақ халқында «мемлекет, шекара болмаған» деген сыңаржақ көзқарас екенін айқын көрсетеді.

Кезінде, осыдан 5-6 жыл бұрын, қазақта шекара, мемлекет болмаған деген саяси «қаңқу» сөздер шыққан-ды. Сонда сонау Алматыдан «Ана тілі» газетінің тілшісі телефон шалып, пікір білдіруін сұраған екен. Жауап ретінде «Шекара не өзен болар, не кезең болар» деген мақала жіберіпті. Ертеңіне газеттің бірінші бетіне басылады. Онда экологиялық мәдениеті жоғары, табиғатпен үндес өмір сүрген және «қасиетті жер-су» сенімінде болған көшпелілер аумағын жердің рельефі арқылы, яғни өзен-су немесе кезең – тау арқылы белгілеген. Сондықтан шекара атауы қазақтарда шет тілінде аталмаса («граница», «делимитация»), одан ол елдің шекарасы немесе мемлекеті болмаған деп айту бекершілік.

Қарахандар әулеті басқарған мемлекеттің ыдырауы нәтижесінде қарлықтардың Қойлық, Алмалық және Хазар-Қарлық сияқты үш хандық құрылғаны туралы жаңа тұжырым академиялық ортада да, шетелдік басылымдарда да айтылмайды. Бұл хандықтар туралы мәселелер ғалым еңбегінде алғаш рет қарастырылып, келешекте осы бағытта зерттеулер керегі нақтыланды.

Ғалымның туған жері – Қарқаралы туралы «Қарқаралы-Қазылық» атты ғылыми-танымдық кітабын айтпай кетуге болмайды. Онда қала атуының қалыптасуы, этимологиясы, өңірді ежелден мекендеген қазақтың ру-тайпаларының тарихына ғылыми талдау жасаған. Сонымен қатар Қарқаралы тарихын патша өкіметінің 1824 жылғы Қарқаралы округі туралы указынан бастамай, оның ғұн-сақ, түркі дәуірінен келе жатқан мекен ретінде танылуы алғаш рет ғылыми мәселе ретінде алға қойылды. Ғалым парсы дерегіне сүйене отырып, Қарқаралы өңірінде бұдан 1185 жыл бұрын «Қарқар» хандығы болғанына нақты дәлелдер келтірген. Сонымен бірге кітапта осы уақытқа дейін Алаш тарихнамасында жеткілікті тұрғыда көңіл аударылмай келе жатқан мәселеге, яғни Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қозғалысы бастауын Қарқаралы қаласынан алатындығы, яғни Қарқаралыны Алаш қозғалысының алтын бесігі ретінде тануға көңіл аударды. Алаш қозғалысының бастауы болып табылатын 1905 жылғы «Қарқаралы петициясы» осыған дәлел деп жазды.

С.Сыздықовтың тарихнама ғылымындағы бір жаңашылдығы – түркі дәуіріндегі алғашқы тарихнамашылар туралы жаңа тұжырымдамасы. Әдетте, отандық ғылымда түркілер тарихын хаттаушылар Мұхаммед Хайдар Дулатидан, яғни XV ғасырдан басталатыны айтылады. Алайда зерттеуші бұл ұстанымды жеті ғасырға кейін шегертіп, VIII ғасырдың басында Түрік қағанатының тарихын бітік тастарға жазған Тоныкөк,

Иолығ тегін және Алп Елетмішті түркілердің алғашқы тарихшылары ретінде мойындауды ұсынады.

Біз ғалымның тек ғылыми еңбектерімен ғана шектелсек, жеткіліксіз болар еді. Өйткені ол басшылық жасап отырған университет жанындағы «Еуразия тарихы және мәдениетін зерттеу» орталығындағы әріптестерімен ғылымның қазіргі кезеңдегі заманауи өзекті мәселелері бойынша жұмыстар жүргізуде. Мысалы, С.Сыздықов «Рухани жаңғыру» аясында мемлекеттік бағдарламаның жетекшісі болып, орталықтағы әріптестерімен 3 ұжымдық монография, оқу-әдістемелік құралы және хрестоматияны жарыққа шығарды. Бұл кітаптардың электронды нұсқалары республикадағы барлық облыстың ішкі саясат басқармаларына, «Рухани жаңғыру» қоғамдық даму институты» КеАҚ, Қазақстан Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ, «Отандастар қоры» КеАҚ-қа таратылды.

С.Сыздықов өзінің негізгі ғылыми бағыты – ортағасырлық түркілер мемлекеті және мәдениетінің тарихымен ғана шектелмей, қазіргі Әділетті Қазақстан құруда халықтың тарихи және рухани санасын қалыптастыру жолында да ғылыми ізденіс үстінде. Бұған кейінгі кездері басылымдарды үздіксіз жариялаған мақалалары дәлел.

Ғалым елдің қоғамдық-саяси өміріне де белсенді араласады. «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» комиссиясының, Астана қаласының «Рухани жаңғыру» кеңесінің мүшесі болды. Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясы сарапшылар кеңесінің, «Түркология» мамандығынан республикалық әдістемелік кеңестің мүшесі. Оның ғылымдағы жетістіктері және қазақ қоғамындағы белсенді қоғамдық-саяси қызмет лайықты бағаланып жүр. «Құрмет» орденінің, «Күлтегін» сыйлығының, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері, «Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» (2006), «Қазақстанның Республикасының Үздік ғылыми қызметкері» байқауының (2022) жеңімпазы, Қарқаралы ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі және басқа да салалық медальдардың иесі.

Ата тарихымыз – ұлттық, рухани, саяси-әлеуметтік, философиялық құндылықтарымыз бен мыңжылдық үздік тәжірибелеріміздің шарайнасы. Елшілдік, мемлекетшілдік, қаһармандық іс-әрекеттердің әлемі. Әділетті Қазақстан қоғамының гуманистік ұстанымдарын одан әрі өркендету жолында бабалар аманаты мен қағидаттарының мән-мағынасы айрықша бағалы. Сондықтан да тарихшы ғалым Сатай Сыздықовтың ұлт құндылықтары мен қағидаттары туралы толғамдары ел тарихындағы жаңашыл ой-тұжырымдама ретінде қабылдауға лайықты. Сондай-ақ ол Қазақстан қоғамының интеллектуалдық-шығармашылық мәдениетін көркейтуге, тарих ғылымын дамытуға әлі де көп үлес қосады деп сенеміз.